



## ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕР МАМАНЫ

**Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы**  
*Аға оқытушы, магистр, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы*  
ORCID: 0000-0002-8844-7629  
E-mail: alpakon02092000@mail.ru

Мектеп қабырғасындағы әрбір жетістік пен жас ұрпақтың тәрбиесі – өз ісіне берілген шебер ұстаздардың арқасы. «Өз ісінің шебер маманы» деген атқа лайық мұғалімдердің бірі – Сүгірова Жанар. Ол 1999 жылы Ш.Есенов атындағы Ақтау университетінің тарих мамандығын тәмамдап, білім саласындағы еңбек жолын бастаған. Сол уақыттан бері Жанар ұстаздық жолды адалдықпен, сүйіспеншілікпен жалғастырып келеді. Тарих ғылымының терең мәнін шәкірттерге жеткізе отырып, ол білім мен тәрбиені қатар ұштастырып жүрген педагог. Күнделікті сабағында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, олардың бойына ұлттық рух пен тарихи сананы сіңіруге баса мән береді. Оның шығармашыл әрі жаңашыл бағыттағы жұмысы әріптестері мен ата-аналар тарапынан да жоғары бағаланып келеді. Ұжымдастыра білетін, шәкірт жүрегіне жол таба алатын мұғалім – білім ордасының тірегі. Сүгірова Жанар – бүгінгі білім саласында өз ісінің нағыз шебері атанған ұстаз. Бұл мақалада біз оның кәсіби жолына және шынайы ұстаздық бейнесіне тереңірек үңілеміз.

Сүгірова Жанар Қауысқызы оқу бітіргеннен бастап күні бүгінге дейін Ақтау қаласындағы И.Жанболатова атындағы №15 ЖББМ КММ-де 22 жылдық еңбек өтілімен, 2020 жылдан бастап педагог-зерттеуші санатында, тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. Сонымен қатар осы ұжымда директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін де қоса атқаруда.

Бір салада, бір ұжымда үздіксіз қызмет жасаған мерзімінде Жанар көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, еңбегіне сай марапаттарға ие болды. Атап айтсақ, 2012 жылы «Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі (ҮӘЖ)» технологиясы білім сапасын арттыру механизмі тақырыбынды ОблБАИ-н курсы аясында өткен ғылыми-практикалық конференцияда көрсеткен белсенділігі үшін» Алғыс хатпен, 2013 және 2015 жылдары Ақтау қалалалық білім бөлімінің Алғыс хаттарымен, 2017 жылы Маңғыстау облысының білім басқармасының «Берекелі елдігіміз бен бірлігіміздің нығаюына және өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі қосқан еңбегі үшін» Алғыс хатымен, 2017 жылы Маңғыстау облысы тарихи өлкетану мұражайының ««Педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру»



тақырыбындағы курста өткізілген ықшам сабақты талдаудағы ой-танымдық ерекшелігі мен белсенділігі үшін» Құрмет грамотасымен, 2018 жыл «Ақтау қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі және өскелең ұрпақты тәрбиелеуде жеткен жетістіктері үшін» Ақтау қаласының әкімі Ғ.Ниязовтың Алғыс хатымен марапатталды.

2013 жылы Қалалық «Жаңашыл мұғалім» байқауында III орын алса, 2016 жылы Қалалық «Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтің келбеті» атты тарих пәні мұғалімдерінің эссе жазу байқауының қорытындысы бойынша II дәрежелі дипломмен марапатталып, 2017 жылы Қалалық тарих және құқық пәндері мұғалімдерінің олимпиадасында III орынға ие болды.

Тәжірибелі, білікті ұстаз ретінде Жанар Қауысқызы шәкірттерінің де кеңінен танылуына үлкен қосып келе жатыр. Мәселен, 2015 жылы өткен қалалық тарих пәндері олимпиада сайысында 5-сынып оқушысы Асар Берген II орын, осы жылы қалалық «Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған бейнебаян жасаушылар» сайысында 6-сынып оқушысы Амандықова Фатима III орын, 2017 жылы Республикалық қашықтықтан өткізілетін байқауда ҚР-ның тәуелсіздігіне орай «Тәуелсіздігім – тірегім» атты эссе жазудан 6-сынып оқушысы Байбоз Сержан II орынға ие болса, осы жылы Республикалық Ұлттық Интернет олимпиадада «Қазақстан тарихы» пәні олимпиадасынан 9-сынып оқушысы Алинурова Аружан I дәрежелі дипломмен марапатталды. 2018 жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық олимпиаданың қорытындысы бойынша 9-сынып оқушысы Беркутова Мадина III орынды, 2019 жылы «Дарынды балаға – талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасының қалалық кезеңінде Жанар жетекшілік жасаған «Болашақ» командасы III орынды иемденді.

Сонымен, мақала арқауына айналған Сүгірова Жанар – саналы ғұмырын өскелең ұрпақты тәрбиелеуге арнаған, өз ісіне адал, шынайы берілген ұлағатты ұстаз. Ол тарих пәнін оқыту арқылы тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың бойына елжандылық, парасаттылық және ұлттық құндылықтарға деген құрметті қалыптастырып келеді. Ұзақ жылдық тәжірибесі мен жаңашыл көзқарасы оның әрбір сабағында, әрбір бастамасында көрініс табады. Жанар апайдың еңбегі – шәкірт жүрегінде мәңгілікке сақталатын із, қоғам үшін өлшеусіз қазына. Өз ісінің шебері болу – білім мен тәжірибенің, жауапкершілік пен жүректен шыққан сүйіспеншіліктің бірлігі екенін ол өз болмысымен дәлелдеп жүр. Осындай білікті мамандардың арқасында еліміздің білім беру жүйесі алға басып, болашағымыз жарқын боларына сенім мол. Сүгірова Жанар сынды ұстаздар – нағыз ұлттың ұлағатты тұлғалары. Ал, «ұстазынан шәкірті



озса – игі» деген халық даналығына сүйене отырып, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Тарих» кафедрасының профессор-оқытушылар ұжымы, университет қабырғасында алған білімдері арқылы ұстаз еңбегінің қадір-қасиетін арттырып, еліміздің болашағы үшін аянбай адал қызмет жасайтын түлектеріміздің қатары жыл санап көбейе беретіне үлкен сеніммен қараймыз.

